

KASE

АПТАЛЫҒЫ

16–20 Қараша,
2020

KASE ОҚИҒАЛАРЫ


- ▲ KASE Басқармасы "Валюталық своп және шетел валюталарымен операциялардың маманданымы" атты жаңа ішкі құжатын және Орталық контрагентпен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік сессияларды өткізу регламентіне енгізілген өзгертуді бекітті.
- ▲ KASE "Биржалық симулятор" атты білім беру жобасы аясында оқу сауда-саттығы өткізді.
- ▲ "ForteFinance" АҚ қор нарығы және деривативтер нарығының клирингтік қатысушы мәртебесі берілді.
- ▲ KASE "ДАМУ АГРО" АӨК" ӨК [KZ2D00007002](#) (PKDAb1) және Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ [KZ2C00007037](#) (KFUSb4) облигацияларымен сауда-саттық ашылды.
- ▲ "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ [KZ2C00007037](#) (KFUSb4) облигациялары ОК МБҚ және ОК ҚРҰБ қоржынына, Т+ тізіміне және Т+ қамтамасыз ету тізіміне енгізілген.
- ▲ Азия даму банкі [XS2251962903](#) (ASDBe4) және [XS2251962499](#) (ASDBe5) халықаралық облигациялары KASE ресми тізімінің "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторына енгізілді.
- ▲ Ресей федерациясының Қаржы министрлігінің [XS0971721450](#) (RU_19_2309) халықаралық облигациялары KASE ресми тізімінің "Мемлекеттік бағалы қағаздары" секторына енгізілді.
- ▲ "Қазақстан тұрақтылық қоры" АҚ үш облигациялары шығарылымы және "Қазақстан Ипотекалық Компаниясы" Ипотекалық ұйымы" АҚ [KZ2C00007086](#) (KZIKb32) облигациялары KASE ресми тізіміне негізгі сауда-саттық алаңының "облигациялар" санаты бойынша енгізілді.
- ▲ "AMF Group" АҚ [KZ2C00006351](#) (AKFIb5) облигациялары айналыс мерзімі аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен алып тасталды.
- ▲ [KZ2D00007002](#) (PKDAb1) "ДАМУ АГРО" АӨК" ӨК облигациялары "таза" бағамен сауда-саттық режиміне ауыстырылады.

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР


- ▲ Қаржы министрлігі 16 қараша күні Қазақстан қор биржасында өзінің MEUKAM-084 ([KZKD00000881](#)) 17-ші шығарылымын, MEUKAM-096 ([KZKD00001095](#)) 11-ші шығарылымын және MEUKAM-108 ([KZKD00001087](#)) 13-ші шығарылымын орналастыру арқылы 36,3 млрд теңге тартты.
- ▲ Азия даму банкі Қазақстан қор биржасында [XS2251962903](#) (ASDBe4) және [XS2251962499](#) (ASDBe5) "жасыл" халықаралық облигацияларын 10,12% орналастыра отырып, жазылым арқылы 14,0 млрд теңге тартты.
- ▲ "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ [KZ2C00007136](#) (KFUSb7) облигациясын жылдық 11,0900%-бен орналастырып, 9,1 млрд теңге қаржы тартты.
- ▲ "Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ 2020 жылдың 30 қыркүйегіне аяқталған, тоғыз айдағы шоғырландырылған қаржылық нәтижелерді жариялады.
- ▲ "KEGOC" АҚ 2020 жылдың 30 қыркүйегіндегі қызметтің қаржылық нәтижелеріне жетекшіліктің түсініктемелерін жариялады.
- ▲ "КазТрансОйл" АҚ 2020 жылдың тоғыз айына қаржылық нәтижесі туралы хабарлады.
- ▲ NOSTRUM OIL & GAS PLC компаниясы 2020 жылдың 30 қыркүйегіне аяқталған, 2020 жылдың үшінші тоқсанына және тоғыз айына операциялық нәтижелері туралы хабарлады.
- ▲ "Amanat" сақтандыру компаниясы" АҚ S&P Global Ratings рейтингілік бағасын ұсынғаны туралы хабарлады, болжам Тұрақты.

KASE Индексі апта қорытындысы бойынша 1,1% өсіп, 2 553,40 нүктені құрады. Индекстік акциялар арасында мәмілелердің көп саны КазТрансОйл жай акцияларымен жасалды – 973 мәміле. Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі KAZ Minerals қағаздары – 7,2 млрд теңге (бір аптадағы жиынтық көлемінен 96,4%).

KASE Индексінің акциялары



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі



20.11.2020

KASE Индексі	2 553,40	Трендтер (%)	
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м
Freedom Holding Corp.	14 945,0	7,3	22,5
КазТрансОйл	872,5	6,7	8,1
KAZ Minerals	3 505,0	3,2	14,2
Bank of America Corporation	11 535,0	0,8	11,2
Банк ЦентрКредит	215,0	0,5	-0,5
Kcell	2 732,0	0,4	1,6
Казхателеком	25 580,0	0,1	-0,9
KEGOC	1 701,9	0,1	-1,3
Народный банк	117,1	0,0	5,6
Газпром	1 005,0	0,0	3,9
Казхателеком, прив. акции	12 500,0	0,0	1,2
Банк ВТБ	0,2	0,0	5,3
НАК Казатомпром	6 200,0	-0,0	3,2
Аэрофлот	387,0	-0,7	15,2
Сбербанк	1 295,0	-1,9	8,7

Анықтама: жасып түспен индекстік акциялар белгіленген

Аптаның соңында қор нарығының оқшауланған көрсеткіші біршама түзетулерге қарамастан, плюспен жабылуда. COVID-19 вакцинасын сәтті сынақтан өткізу, сондай-ақ Қытай мен Үндістанның статистикалық жағымды мәліметтері сияқты әлемдік экономиканы тезірек қалпына келтіруге үміт беретін әлемдік қор индекстерінің өсімі сияқты сыртқы нарықтың жайлы конъюктурасы KASE Индексіне 18 қарашада тағы да 2020 жылдағы максималдық мәнін жаңартуға мүмкіндік берді (максимум 2008 жылдың 03 шілдесінен).

Апта қорытындысы бойынша КазТрансОйл жай акциялары өсім көшбасшысы болып, бағасы 7,8% дейін өсіп, 872,46 теңгені құрады. Компанияның баға белгілеулері COVID-19 вакцинасын сәтті сынақтан өткізу туралы жаңалықтардан кейін мұнай нарығында баға өсімі байқалды. Сонымен қатар, мұнай компаниясына қолдау көрсеткен 2020 жылдың тоғыз айына қаржылық нәтижелері болды. КазТрансОйлдың шоғырландырылған таза табысы 2020 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 51,9 млрд теңгені құрады, ол 2019 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 38% артық. Шоғырландырылған түсімі 1,5% қысқарып, 177,0 млрд теңгені құрады. Салық салуға дейінгі түсімі 29,3% өсіп, 63,7 млрд теңгені құрады, операциялық табысы – 36,6% өсіп, 54,3 млрд теңгені құрады. Жалпы кірісі керісінше, 6,9% дейін қысқарып, 63,5 млрд теңгені құрады.

Екінші үздік нәтиже KAZ Minerals қағаздарында тіркелді, 3,1% қымбаттап, 3 505,01 теңгені құрады. 18 қараша компания Баимская жобасы туралы [ақпарат](#) ұсынды. компанияның хабарламасында толық ақпарат берілген.


Халық банк дүйсенбі күні 9 айға және 2020 жылдың III тоқсанына шоғырландырылған қаржылық нәтижесін ұсынды, оған сәйкес банктің таза табысы ағымдағы жылдың қаңтар-қыркүйек айларында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,7% өсті. Жай акционерлердің таза табысы 2020 жылдың III тоқсанында 2019 жылдың III тоқсанымен салыстырғанда 7% дейін өсіп, 88,7 млрд теңгені құрады. Банктің хабарлауы бойынша өсім көбінесе басқа да пайызсыз кірістердің көбеюі мен несие шығындарының азаюынан пайда болды. [Толық нұсқасы](#) KASE интернет-сайтында.



Мерзімі бір күндік мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір аптада 121 б.н. азайып, жылдық 9,49% құрады. АҚШ доллары кепілдігімен теңгені қарызға алу мөлшерлемесі өзгерген жоқ, жылдық 7,40% құрады. Бір күндік теңге өтімділігінің орташа көлемі бір аптада 255,1 млрд теңгені (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке +7,0%) құрады.


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Inflation, 12M MM Index Base interest rate TONIA SWAP-1D




Основные параметры размещения нот НБРК

■ Апталық орналастыру (←) ■ Айлық орналастыру (←) ■ Үш айлық орналастыру (←)
■ Жарты жылдық орналастыру (←) ■ Жылдық орналастыру (←) ■ Айлық кірістілігі (→)
■ Апталық кірістілігі (→) ■ Үш айлық кірістілігі (→) ■ Жарты жылдық кірістілігі (→)
■ Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





Апта қорытындысы бойынша теңге АҚШ долларына қатысты 4,36 (-1,0%) теңгеге өсіп, 428,07 теңгені құрады. Ағымдағы аптада валютаның жиынтық көлемі \$511,0 млн (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке (-3,0%)). АҚШ долларын сату және сатып алу бойынша мәміленің жалпы көлемі 1 569 (өткен аптадағы сәйкес көрсеткішке (-316)) құрады. Максималды бағасы бір АҚШ долларына 429,75 теңге, минималды – 427,17 теңге.


Теңге апта қорытындысы бойынша АҚШ долларына және қытай юаніне қатысты инвесторлардың тәуекел активтеріне деген қызығушылығы артуы аясында нығая түсті. Оның драйверлері COVID-19 екі вакцинасын бірден сәтті сынақтан өткізу туралы жаңалықтары, сондай-ақ Қытай және Үндістаннан жағымды экономикалық статистикалық мәліметтер – екінші және үшінші әлемдік экономика – экономиканың қарқынды қалпына келтіріле бастағаны туралы мәліметтер себеп болды. Сонымен қатар, нарыққа қолдау ретінде демалыс күндері Ханоеда АСЕАН елдері ілемдік ең ірі келісім еркін сауда немесе жан-жақты аймақтық экономикалық серіктестік туралы құжатқа қол қойылды. Келісімге 15 ел қол қойды, сауда-саттық бірлестігіне әлемдік ІЖӨ келді. Сондай-ақ, осы аптада ОПЕК+ елдерінің отырысының қорытындысы бойынша нұсқаулықтарды кейінге қалдырып, 2020 жылдың IV тоқсанындағы ұсыныстар мен сұранымдар бойынша жағдайды зерделеуді жалғастыруға шешім қабылдады, және өзінің одан арғы әрекеттерін әлемдік мұнай нарығында 2020 жылдың 1 желтоқсанына жоспарланған, ОПЕК және ОПЕК емес елдерінің келесі министрлік конференциясы барысында 2021 жылы қарастыруды жөн көрді. Сонымен қатар, мұнай бағалары АҚШ-та мұнай қорының өсімін ұстап тұр, және ОПЕК+ мәмілесінен БАЭ шығуы мүмкін екендігі туралы жаңалық иа ықпал етуде. Сәрсенбі күні АҚШ Энергетика министрлігі 13 қарашаға аяқталған, энергия тасымалдаушылардың қоры туралы 768 млн баррельге артқан апталық баяндамасын жариялады. Сонымен қатар, Біріккен Араб Эмираты ОПЕК+ келісім аясында мұнай өндіруді азайту бойынша өзінің квотасына көңілі толмайтынын айтады және одақтан шығу мүмкіндігін қарастыруда.

Жұма күні Нұр-Сұлтан уақытымен сағат 15:30 -да Brent қаңтар айындағы мұнай фьючерсі құны ICE Futures лондон қор биржасында бір баррельге 0,4% өсіп, \$44,39 құрады. Мәскеу биржасында АҚШ долларының ресей рубіліне бағамы осы уақытта 0,2% өсіп, 76,1973 рубльді құрады.

Ресей рублінің құны 0,0201 (+0,4%) теңгеге дейін өсіп, 5,6245 теңгені құрады. Қытай юаньі 0,1656 теңгеге (-0,3%) арзандап, 65,2000 теңгені құрады.


Шетел валюталарының бағамы динамикасы

Δ % . база (01.01.20)



Brent мұнай құны

USD/баррель



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Шикізат нарығы

20.11.2020

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к	Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж
S&P 500	3 557,54	-1,9	3,6	14,6	-0,8	Мұнай (Brent)	44,96	2,6	7,7	-29,7
Dow Jones	29 263,48	-2,3	3,7	5,4	-0,7	Мұнай (WTI)	42,15	2,0	5,3	-28,0
PTC	1 262,69	-0,5	10,4	-13,2	2,8	Табиғи газ	2,65	-1,7	-12,3	3,2
MMBБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	2,8	Мыс	329,10	2,1	2,9	25,4
Hang Seng	26 451,54	0,3	6,9	-0,1	1,1	Темір	913,00	5,1	3,9	39,3
SS CSI 300	4 943,29	0,8	3,1	27,1	2,3	Алтын	1 870,99	-1,0	-2,8	27,7
Euro Stoxx 50	3 467,60	0,0	9,0	-5,8	0,7	Күміс	24,36	-1,8	-3,5	42,8
FTSEuroFirst	3 841,50	-0,4	10,0	-11,3	1,2	Астық	593,25	-0,8	-5,8	16,6
FTSE 100	6 351,45	-1,1	10,0	-12,3	0,3					
KASE	2 553,40	1,4	4,0	10,4						

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

24.11	Германия ІЖӨ (т/т) (3 т)	EUR	8,2%	8,2%
25.11	АҚШ ІЖӨ (т/т) (3 т)	USD	33,1%	33,1%
25.11	АҚШ: жұмыссыздық бойынша өтемақы алуға алғашқы өтінімдер саны	USD	730K	742K
25.11	АҚШ: жаңа үй сату	USD	975K	959K
25.11	АҚШ: шикі мұнай қоры	USD		0,768M
26.11	Монетарлық саясат бойынша ЕОБ отырысының хаттамасын жариялау	EUR		
24.11	Германия ІЖӨ (т/т) (3 т)	EUR	8,2%	8,2%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні

Күні

Жыл басына

Жылдық инфляция	7,1%	01.07.20	5,3%
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	31 561	01.06.20	30 927
Қаржы базасы, млрд KZT	8 428,3	01.06.20	5 995,7
Қаржы массасы, млрд KZT	22 438,2	01.06.20	20 813,4

Қазақстанның несие рейтингі

Рейтинг

Күні

Алдыңғы

S&P Global

BBB-тұрақты

10.09.18

BBB-тұрақты

MOODY'S

Ваа3 тұрақты

26.07.17

Ваа3 -тұрақты

FitchRatings

BBB тұрақты

28.09.18

BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: 8 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген.. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады. Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.